

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ЗАҢ СЕРИЯСЫ
2022 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

ЮРИДИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 2022 ГОДА

ISSN 2958-8618

№ 4 (2024)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Юридическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ90VPY00046812

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация результатов научных исследований, актуальных проблем
в области права, привлечение внимания к перспективным
и актуальным направлениям юридической науки

Подписной индекс – 76199

<https://doi.org/10.48081/OGUI2654>

Бас редакторы – главный редактор

Жетписов С.К.,
д.ю.н., доцент

Заместитель главного редактора Олжабаев Б. Х., *к.ю.н., ассоц.профессор*
Ответственный секретарь Жамулинов В. Н., *к.ю.н., ассоц.профессор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Биштыга А.,	<i>доктор PhD, профессор (Республика Польша)</i>
Зайцев О. А.,	<i>д.ю.н., профессор (Российская Федерация)</i>
Ахмеджанова Г. Б.,	<i>д.ю.н., доцент</i>
Ишеков К.А.,	<i>д.ю.н., профессор (Российская Федерация)</i>
Дуйсенов Э. Э.,	<i>д.ю.н., профессор</i>
Дорожинская Е. А.,	<i>к.ю.н., доцент (Россия Федерация)</i>
Балымов Е. К.,	<i>доктор PhD,</i>
Аюпова З. К.,	<i>д.ю.н., профессор</i>
Омарова А. Р.,	<i>технический редактор</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 10.27.51

<https://doi.org/10.48081/GYDT7692>***Ж. К. Ажибаева¹, А. К. Кыдралинова², Г. Х. Сеитова³**^{1,2,3}Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.¹ORCID <https://orcid.org/0000-0003-3028-043X>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0350-2159>³ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-4899-4693>*e-mail: jannaaim@mail.ru

БАЛАЛАРДЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰҚЫҚТАРЫН АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттің азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдай жасайтынын бекітті. Алайда, тұрғын үйді сатып алумен, сақтаумен, жоғалтумен байланысты мәселелер қазақстандық қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселелер балалардың құқықтары мен мүдделеріне де әсер етпей қойған жоқ. Балалардың тұрғын үйге құқығы Бала құқықтары туралы конвенцияда, Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінде, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеніне қарамастан, заңнамада балалардың тұрғын үй құқықтарын қорғау тәсілдері мәселесі әлі күнге дейін реттелмеген. Мақалада балалардың тұрғын үй құқықтарына арналған қазақстандық заңнаманың қазіргі жай-күйі талданады, балалардың тұрғын үйге құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тәсілдері зерттеледі, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңды қамқорлық және қорғаныштық органдарының тұрғын үйді сату кезінде ғана емес, сонымен қатар сатып алу кезінде де баланың құқықтарын сақтауды бақылау бөлігінде жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізіледі. Авторлар балалардың тұрғын үй құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тәсілдерін заттық құқықтарды қорғауға бағытталған заттық-құқықтық және міндеттемелік қатынастарға қолданылатын міндеттемелік-құқықтық тәсілдерге бөлуге болады деген қорытындыға келеді.

Кілтті сөздер: бала құқықтары, тұрғын үй, қорғау, заттық құқық, міндеттемелік құқық.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтарға заңды түрде сатып алынған кез келген мүлікті жеке меншікте иелену құқығын бекітеді, сондай-ақ мемлекетте азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалатынын жариялайды [1]. Тұрғын үй құқығы адамға туылған сәттен бастап тиесілі, бірақ оны субъективті құқық ретінде жүзеге асыру толық қабілеттілік басталған кезде ғана мүмкін болады. Бала өзінің тұрғын үй құқығын іс жүзінде жүзеге асыра алмайтындығына қарамастан, мемлекет бала туылған сәттен бастап оның тұрғын үй құқығын қамтамасыз ету үшін жағдай жасайды. «Бала құқықтары туралы конвенцияның» [2] 27-бабының 1-тармағы баланың дене бітімі, ақыл-есі, рухани, имандылық және әлеуметтік тұрғыдан қажетті өмір деңгейіне құқығын мойындайды. 3-тармақ бұл құқықты тұрғын үймен байланыстырады: «Қатысушы мемлекеттер ұлттық жағдайларға және өз мүмкіндік шегінде баланы тәрбиелеп отырған ата-ана мен басқа да адамдарға осы құқықты жүзеге асыруға жәрдем көрсету жөнінде қажетті шаралар қабылдайды және қажет болған жағдайда, материалдық жәрдем көрсетіп, түрлі бағдарламаларды, әсіресе тамақтандыру, киім және баспанамен қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаларды қолдайды» [2]. Осы ереженің мәтінін ескере отырып, тұрғын үй баланың дамуы үшін лайықты өмір сүру деңгейіне құқыққа қол жеткізудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады [3].

Балалардың тұрғын үй құқықтарын азаматтық-құқықтық қорғау тұрғын үйге субъективті құқықты жүзеге асырудың күрделі тетігінің элементі болып табылады.

Балалардың тұрғын үй құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тәсілдері маңызды құқықтық категория болып табылады. Балалар үшін бұл өте маңызды, өйткені бала құқықтарын азаматтық-құқықтық қорғау балаларды қорғау жүйесіндегі ажырамас элемент болып табылады. Бұл мәселенің проблематикасы Азаматтық кодексте де [4] және «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94-І Қазақстан Республикасының Заңында да [5] тұрғын үй құқықтарын, атап айтқанда балалардың құқықтарын қорғау тәсілдерін айқындаудың жоқтығымен де күшейе түсуде.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу әдіснамасының негізін балалардың тұрғын үй құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тәсілдерін талдауға кешенді тәсіл құрайды,

ол максатқа жетуге және қойылған міндеттерді орындауға, сондай-ақ алынған қорытындылардың дұрыстығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берген жалпы ғылыми және арнайы ғылыми әдістерді қолданудан тұрады.

Диалектикалық әдіс мақаланың әдіснамалық негізін құрайды және балалардың тұрғын үй құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тәсілдерінің түрлерін анықтау кезінде қолданылды. Техникалық-құқықтық әдіс балалардың тұрғын үй құқықтарын азаматтық-құқықтық қорғауды жетілдіру бағыттарын тұжырымдау үшін пайдаланылды. Мақаланың ережелері мен қорытындылары балалардың тұрғын үй құқықтарын азаматтық-құқықтық қорғаудың құқықтық негіздерін айқындайтын Қазақстан Республикасының Конституциясының нормаларына, халықаралық актілерге, заңнамалық және заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілерге негізделген.

Нәтижелер және талқылау

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 9-бабында қорғаудың жалпы азаматтық-құқықтық тәсілдері көзделген. Осылайша, осы баптың 1-тармағында азаматтық құқықтарды қорғау тәсілдері: «құқықтарды тану; құқық бұзылғанға дейін болған жағдайды қалпына келтіру; құқықты бұзатын немесе оның бұзылу қаупін туғызатын әрекеттердің жолын кесу; міндетті заттай орындатуға ұйғарым шығару; залалдарды, тұрақсыздық айыбын өндіріп алу; дау айтылатын мәмілені жарамсыз деп тану және оның жарамсыздығы салдарын қолдану, маңызсыз мәміленің жарамсыздығы салдарын қолдану; моральдық зиянның өтемін төлету; құқықтық қатынастарды тоқтату немесе өзгерту; мемлекеттік басқару органының немесе жергілікті өкілді не атқарушы органның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін актісін жарамсыз немесе қолдануға жатпайды деп тану; азаматқа немесе заңды тұлғаға құқықты иеленуіне немесе жүзеге асыруына кедергі келтіргені үшін мемлекеттік басқару органынан немесе лауазымды адамнан айыппұл өндіріп алу арқылы жүзеге асырылады» екендігі анықталған [4]. Субъективті құқықтар мен мүдделерді қорғау тәсілдерінің бұл тізімі толық емес, сондықтан сот азаматтық құқықты заң актілерінде көзделген басқа тәсілмен қорғай алады. Заң ғылымында субъективті құқықтарды қорғау әдістерінің түрлерін заңнамалық тұрғыдан бөліп көрсетуге қарамастан, азаматтық құқықта қорғаудың онтайлы жіктелуі мен түрлерін табу туралы пікірталас бар. Сондықтан балалардың тұрғын үй құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тәсілдерінің түрлерін әзірлеу мақсатында оларды талдауға жүгіну керек.

М. А. Рожкова құқықтарды қорғау тәсілінің мазмұны бойынша субъектінің қол жеткізгісі келетін мақсатын бейнелейтінін атап өтеді.

Субъект құқықтарының бұзылуын (немесе дауласуын) тоқтата алатынына және бұзушылыққа байланысты туындаған шығындарды өтейтініне немесе басқа жолмен бұзушылықтың теріс салдарын азайтатынын атап өтеді [6, 245-б.]. Ю. М. Андреев азаматтық құқықтарды қорғау тәсілін азаматтық - құқықтық қорғаудың қойылған мақсатына қол жеткізу үшін әдістер (тәсілдер, технологиялар) жиынтығы ретінде қарастырады (құқық бұзушылықтың теріс салдарын тану, алдын алу, тоқтату, құқық бұзушылықтың теріс салдарын жою; бұзылған құқықтарды және бұрынғы жағдайды қалпына келтіру; екіжақты немесе біржақты реституция (тараптарды бастапқы жағдайға қайтару); келтірілген шығындарды өтеу және т.б.) [7, 57-б.]. Осы ғылыми тұжырымдармен келісе отырып, қорғаудың кез – келген әдісінің мақсаты құқықтары бұзылған адам үшін оң нәтижеге қол жеткізу, атап айтқанда тұрғын үй құқығын қалпына келтіру және қорғау екенін атап өткен жөн.

В. В. Витрянский азаматтық құқықтарды қорғаудың үш тобын анықтайды: «Бірінші топқа олардың қолданылуы қорғалатын құқықты растауға (орнатуға) немесе жауапкершілікті тоқтатуға (өзгертуге) мүмкіндік беретін қорғау әдістері кіреді. Екінші топ құқық бұзушылықтың алдын алуға немесе тоқтатуға мүмкіндік беретін азаматтық құқықтарды қорғау тәсілдерін қамтиды. Үшінші топ бұзылған құқықты қалпына келтіруге және (немесе) құқықты бұзудан туындаған шығындарды өтеуге бағытталған азаматтық құқықтарды қорғау тәсілдерін біріктіреді» [8, 778–779-бб.].

Келтірілген ғылыми көзқарастарды талдай келе, субъективтік құқықтарды қорғаудың азаматтық-құқықтық тәсілдерін келесі топтарға бөлуге болады деген қорытынды жасауға болады:

- заттық-құқықтық, олар заттық құқықтарды қорғауға бағытталған;
- міндеттемелік-құқықтық, міндеттемелік қатынастарға қолданылатын.

Өз кезегінде, азаматтық-құқықтық қорғау әдістерінің бұл топтары әмбебап (кез-келген субъективті құқықты қорғауға тән) және арнайы болып бөлінеді (тек арнайы құқықтық қатынастарға қолданылуы мүмкін және басқа құқықтық қатынастарға қолданылуы мүмкін емес).

Азаматтық құқықта жылжымайтын мүлікке құқықтарды қорғау әдістерінің ерекшеліктерін қарастыруға талпыныстар болды. Сондықтан оларды талдау қажет, өйткені тұрғын үй жылжымайтын мүлік болып табылады және осы ерекшеліктерді анықтау тұрғын үй құқығын, атап айтқанда тұрғын үй құқығын қорғаудың ерекшелігін анықтауға көмектеседі. А. Н. Оганесян жылжымайтын мүлікке құқықтарды қорғау тәсілдерін дербес құқықтық категория ретінде қарастырады. Ол «жылжымайтын мүлікке азаматтық құқықтарды қорғау тәсілі – бұл бұзылған немесе даулы жылжымайтын мүлік құқықтарын қалпына келтіру, осындай бұзушылықтың

салдарын жою және оларды тану қамтамасыз етілетін заңмен қарастырылған құқықтық мүмкіндіктер екенін көрсетеді. Азаматтық құқықтарды қорғау әдістерінің ерекшелігі-қолданыстағы азаматтық заңнама оларды құқықтар бұзылған кезде ғана емес, сонымен бірге оларды бұзудың нақты қаупі болған кезде де қолдануға мүмкіндік береді» [9, 5-6.].

Осылайша, жылжымайтын мүлікке құқықтар мен тұрғын үй саласындағы мүдделерді қорғау тәсілдері азаматтық заңнамада белгіленген қорғау қатынастары шеңберінде жүзеге асырылады деп айтуға болады. Сондықтан тұрғын үй құқығындағы құқықтарды қорғау жолдарын қарастыру қажет.

Тұрғын үй құқықтарын қорғау әдістері заң ғылымында азаматтық және тұрғын үй заңнамасын қолдану тұрғысынан қарастырылады. Біз бұған дейін «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңында азаматтардың тұрғын үй құқықтарын қорғау тәсілдерінің тізбесі қарастырылмағанын атап өткен болатынбыз. Алайда, тұрғын үй қатынастары азаматтық қатынастар бола отырып, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларымен реттеледі. Сондықтан тұрғын үйге құқықты біреу бұзған, мойындамаған немесе даулаған кезде адамның Қазақстан Республикасы АҚ 9-бабында көзделген қорғау тәсілдерін пайдалануға құқығы бар. Тұрғын үйге құқықты қорғау тәсілдерін келесідей жіктеуге болады: адам қорғауға жүгінген субъект бойынша; меншік иесінің өкілеттіктерінің түрлері бойынша; дау туындаған тұрғын үйдің сақталуына байланысты; тұрғын үйге құқықты қорғау тәсілін жүзеге асыру нысанына байланысты және т.б.

Балалардың тұрғын үй құқықтарын қорғау тәсілдерін анықтау үшін қандай құқықтардың қорғау нысаны болатынын ескеру қажет. Баланың тұрғын үй құқығы тәуелсіз құқықтық категория болып табылады және олардың әлеуметтік мәртебесіне қарай екі топқа бөлінеді:

Бірінші топ - ата-анасына көшіп бару құқығы; қауіпсіз тұрғын үйге құқық; тұрғын үйді пайдалану құқығы; баланың тұрғын үй жағдайын нашарлатуы мүмкін мәміледен қорғау құқығы және т.б.

Балалардың (жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар) тұрғын үй құқықтарының екінші тобы-тұрғын үй алу құқығы; тұрғын үйді сақтау құқығы; оларда сақталған тұрғын үйді қайтару құқығы; оларда сақталған тұрғын үйге дереу қоныстану құқығы; балаға тиесілі жоғалған тұрғын үй үшін өтемақы алу құқығы және сол сияқты.

Сондықтан, балалардың осы құқықтарын қорғау тәсілдерін толығырақ қарастырған жөн.

Ата-аналармен бірге тұру құқығы. «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 84-бабының 1-тармағына «сәйкес

кәмелетке толмаған балаларын ата-аналарымен бірге тұрғызуға отбасының басқа мүшелерінің келісімі талап етілмейді» [5]. Егер бұл құқық бұзылған болса, баланы ата-анасымен бірге тұру (қоныстану) құқығын тану туралы талап қоюға болады. Бұл субъективті құқықтарды қорғаудың жалпы азаматтық-құқықтық тәсілі.

Тұрғын үйді пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 66-бабының 4-тармағына негізделген, оған сәйкес «Бірге тұратын бала мен ата-аналар бір-бірінің мүлкін өзара келісім бойынша иеленіп, пайдалана алады» [10]. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-П «Қазақстан Республикасындағы Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңының 14-бабы баланың тұрғын үйге құқығын бекітеді [11]. Алайда, бұл заң ата-аналар немесе оларды алмастыратын адамдар тұрғын үйді иеліктен шығарып, жаңа тұрғын үй сатып алған жағдайда баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етпейді. Балалардың тұрғын үйіне қатысты мәмілелермен байланысты жағдай, ата-аналар жаңа тұрғын үй сатып алу мәселесін шешкен кезде, тиісті мәмілелерді жасау барысында кәмелетке толмағандарды бірлескен меншік иелерінің қатарына қоспайды, ал мәміле бұрынғы тұрғылықты жері бойынша ата-аналарға да, балаларға да ортақ меншік құқығында тиесілі тұрғын үйді сатудан түскен қаражатқа жасалады. Іс жүзінде мұндай мәмілелер сот тәртібімен жарамсыз деп танылады. Ресми түрде дау кәмелетке толмағандардың мүддесінде шешіледі, яғни оларға тиесілі тұрғын үй құнының бір бөлігі өтеледі, бірақ шын мәнінде олар тұрғын үйді пайдалану құқығынан айырылады.

Бұл олқылықты жою үшін ҚР «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңының 14-бабының 1-тармағын келесі мазмұндағы нормамен толықтыру қажет деп санаймыз: «қамқорлық және қорғаншылық органдары ата-аналар немесе оларды алмастыратын адамдардың тұрғын үйді иеліктен шығару және жаңа тұрғын үй сатып алу кезінде балалардың мүлдіктік және тұрғын үй құқықтарын сақтауын бақылауды жүзеге асыруға міндетті «.

Баланың тұрғын үйді пайдалану құқығын оның бұзылуы, атап айтқанда, тұрғын үйде тұруды мүмкін емес ететін жағдайларды жасау, тұрғын үйді бүлдіру және т.б. жағдайларда қорғау қажет. Тұрғын үйді пайдалану құқығын қорғау тәсілдеріне мыналарды жатқызуға болады: баланың тұрғын үйді пайдалану құқығын бұзатын әрекеттің күшін жою; баланың тұрғын үйді пайдалану құқығын қалпына келтіру; тұрғын үйді пайдалану құқығын тану.

Келесі құқық-бұл тұрғын үйде қауіпсіз тұру құқығы, яғни егер тұрғын үй функционалдық мақсатын жоғалтса және тұрғын үйде тұратын

адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірсе, онда тұрғын үй тұруға жарамсыз деп танылуы мүмкін. Тұрғын үй қатынастары туралы заң тұрғын үйлерді, үй-жайларды жарамсыздығына қарай тұрғын үй қорынан алып қою мүмкіндігін көздейді. Санитарлық, техникалық талаптарға сәйкес келмейтін авариялық тұрғын үй жарамсыз деп танылады және оны пайдалану тұрғындардың денсаулығына, өміріне зиян келтіруі мүмкін. Айта кету керек, баланың қауіпсіз тұрғын үйге құқығын қорғаудың жеке тәсілдері заңнамада қарастырылмаған. Демек, бұл құқықты қорғау үшін қорғаудың әмбебап әдістерін қолдануға болады: қауіпсіз тұрғын үй құқығын тану; баланың қауіпсіз тұрғын үй құқығына қол сұғатын немесе бұзатын әрекетті тоқтату. Арнайы әдістерге мәжбүрлі айырбастау туралы шағымдар, сондай-ақ тұрғын үйді бөлу жатады. Баланың тұрғын үй жағдайын нашарлатуы мүмкін мәміледен қорғау құқығы баланың тұрғын үйге құқығын қалпына келтіру, мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап-арыздармен қамтамасыз етіледі. «Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 5-тармағы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін иеліктен шығару бойынша мәмілелер жасауға жол берілмейді деп есептейді [11].

Тұрғын үй алу құқығы ҚР «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңының 14-бабының 2, 3-тармақтарында көзделген. Атап айтқанда, «жетім бала, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үй алуға құқылы» [11]. Сондай-ақ, ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 67-бабына сәйкес, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға коммуналдық тұрғын үй қорынан немесе жергілікті атқарушы орган жалға алған жеке тұрғын үй қорынан тұрғын үй пайдалануға беріледі [5].

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан немесе жергілікті атқарушы орган жалға алған жеке тұрғын үй қорынан бірінші кезекте тұрғын үй алу құқығы ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 74-бабының 4-тармағында көзделген. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан немесе жергілікті атқарушы орган жалға алған жеке тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді (жаңадан пайдалануға берілген немесе тұрғындар босатқан) бөлу кезінде жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға коммуналдық тұрғын үй қорынан немесе жергілікті атқарушы орган жалға алған жеке тұрғын үй қорынан жалпы тұрғын үй санының кемінде жиырма пайызы бөлінеді [5]. Бұл құқық бұзылған жағдайда, баланың тұрғын үй алу құқығын тану туралы талап арыз беруге; мемлекеттік билік органының, жергілікті өзін-өзі басқару органының, олардың лауазымды және қызметтік адамдарының жетім баланы

пәтерлік есепке қоюдан бас тартуына қатысты шешімін, әрекетін немесе әрекетсіздігін заңсыз деп тану туралы талап арыз беруге құқығы бар.

Баланың тұрғын үйді сақтау құқығы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңының 14-бабының 2-тармағында көзделген. Атап айтқанда, жетім бала, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарында, медициналық және басқа да ұйымдарда, оның ішінде қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін, қорғаншылықта немесе қамқоршылықта, патронаттық тәрбиеде жүрген бала тұрғын үйге меншік құқығын немесе тұрғын үйді пайдалану құқығын сақтайды [11]. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйінің сақталуы «Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 185 бұйрығымен реттеледі [12]. Айта кету керек, баланың тұрғын үйін сақтау жөніндегі іс-шаралар тұрғын үйдің жай-күйін, оның иеліктен шығарылуын бақылауды көздеуі мүмкін. Бұл құқық бұзылған жағдайда, тұрғын үйді пайдалану құқығын қалпына келтіру, бұзылған немесе бүлінген жағдайда тұрғын үй құнының өтемақысын өндіріп алу туралы талап қоюға болады. Істердің осы санатындағы жауапкер осы құқықты бұзушы және тұрғын үйді сақтау жөніндегі іс-қимылдарды жүзеге асыруға міндетті жергілікті атқарушы органдар болуы мүмкін.

Бөлек қарастыруды талап ететін мәселе – баланың өзіне сақталған тұрғын үйге дереу қоныстану құқығын қорғау. Бала өзі тұрған тұрғын үйге қоныстануға құқылы. Бұл құқықты қорғау үшін тұрғын үйге құқықты тану туралы талап арыз беруге; баспанаға орналастырылғанға дейін болған тұрғын үйге құқықты қалпына келтіру туралы талап арыз беруге болады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 16 шілдедегі N 5 «Тұрғын үйге меншік құқығына қорғауға байланысты дауларды шешудің кейбір мәселелері туралы» Нормативтік қаулысын талдай келе, жылжымайтын мүлікке қатысты туындайтын талап арыздарға, атап айтқанда, мұндай мүлікке құқықты тану туралы, мүлікті басқа біреудің заңсыз иелігінен талап ету туралы, мүлікті пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асыруға кедергілерді жою туралы талап арыздар (иеліктен айырумен байланысты емес), мәмілені жарамсыз деп тану туралы (мәміленің жарамсыздығының салдарын қолдану туралы талап қойылған-қойылмағанына қарамастан) және т.б. жатады деген қорытындыға келеміз [13]. Демек, жылжымайтын мүлікке құқықтарды қорғауды тұрғын үйге

меншік құқығын қорғауға, тұрғын үйді пайдалануды қорғауға, мәміле жасау кезінде тұрғын үйге мүлктік құқықтарды қорғауға бөлуге болады.

Қорытынды

Балалардың тұрғын үй құқықтарын қорғауға қолданылуы мүмкін азаматтық-құқықтық тәсілдерді талдай келе, бұл тәсілдерді келесідей бөлуге болады деп айтуға болады: заттық-құқықтық, олар заттық құқықтарды қорғауға бағытталған; міндеттемелік-құқықтық, міндеттемелік қатынастарға қолданылады.

Балалардың тұрғын үй құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тәсілдерінің ерекшелігі – көптеген бұзушылықтар баланың меншік құқығын және тұрғын үйді пайдалану құқығын танумен және қалпына келтірумен байланысты. Сондықтан балалардың тұрғын үй құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тәсілдерін қорғау субъектісінің қол жеткізгісі келетін мақсатына байланысты тағы бір топтауды ұсынуға болады: баланың тұрғын үйге меншік құқығын қорғау тәсілдері; баланың тұрғын үйді пайдалану құқығын қорғау тәсілдері; мәміле жасау кезінде балалардың тұрғын үй құқықтарын қорғау тәсілдері. Балалардың тұрғын үй құқықтарын қорғаудың әрбір жеке тәсілін жүзеге асыру үшін қорғау субъектісінің іс-әрекеттерінде және балалардың тұрғын үй құқықтарын қорғауға бағытталған арнайы субъектілердің қызметінде көрініс табатын әртүрлі құралдар (әдістер) қолданылуы мүмкін. Оларды келесідей бөлуге болады: әмбебап және арнайы. Азаматтық заңнамада көзделген балалардың тұрғын үй құқықтарын қорғаудың әмбебап құралдары баланың кез келген субъективтік құқығын қорғау үшін қолданылуы мүмкін. Арнайы қорғау құралдары тек балалардың тұрғын үй құқықтарының жекелеген түрлерін қорғау үшін қолданылады, әмбебап пайдалануға жарамсыз және арнайы нормативтік актіде қарастырылған.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз // [Электрондық ресурс]. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029#activate_doc=2

2 Бала құқықтары туралы конвенция (Нью-Йорк, 20 қараша 1989 ж.) // [Электрондық ресурс]. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31597384#activate_doc=2

3 **Roos Wind, Michel Vols, Berend Roorda.** The Child-specific Right to Adequate Housing in the Convention on the Rights of the Child // The International Journal of Children's Rights 31. (2023) – P.444–470, [Электрондық ресурс].

– https://brill.com/view/journals/chil/31/2/article-p444_007.xml?Ebody=pdf-117260

4 Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Жалпы бөлім) // [Электрондық ресурс]. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51006061&pos=4;-92#pos=4;-92

5 Тұрғын үй қатынастары туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94-І Заңы // [Электрондық ресурс]. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51007658#activate_doc=2

6 **Рожкова, М. А.** Средства и способы правовой защиты сторон коммерческого спора / М. А. Рожкова. – М. : Волтерс Клувер, 2006. – 416 с.

7 **Андреев, Ю. Н.** Механизм гражданско-правовой защиты / Ю. Н. Андреев. – М.: Норма: ИНФРА-М, 2022. – 464 с.

8 **Брагинский, М. И.** Договорное право: Общие положения / М. И. Брагинский, В. В. Витрянский. – М.: Статут, 2020. – 847 с.

9 **Оганесян, А. Н.** Особенности применения вещно-правовых способов защиты гражданских прав на недвижимое имущество: автореф. дис. ... кан. юрид. наук: спец. 12.00.03 / А. Н. Оганесян. – М., 2012. – 26 с.

10 Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-ІV Кодексі // [Электрондық ресурс]. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31102277#activate_doc=2

11 Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ Заңы // [Электрондық ресурс] – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51032460#activate_doc=2

12 Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 185 бұйрығы // [Электрондық ресурс]. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38802341#activate_doc=2

13 Тұрғын үйге меншік құқығын қорғауға байланысты дауларды шешудің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік 2007 жылғы 16 шілдедегі № 5 нормативтік қаулысы // [Электрондық ресурс]. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30114186#activate_doc=2

References

1 Kazakhstan Respublikasynyn Konstituciyasy 1995 zhylgy 30 tamyz [Constitution of the Republic of Kazakhstan of August 30, 1995] // [Electronic resource]. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029#activate_doc=2.

2 Bala құқыктары туралы конвенция (Nyu-Jork, 20 қараша 1989 zh.) [Convention on the Rights of the Child (New York, 20 November 1989)] // [Electronic resource]. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31597384#activate_doc=2.

3 Roos Wind, Michel Vols, Berend Roorda. The Child-specific Right to Adequate Housing in the Convention on the Rights of the Child // The International Journal of Children's Rights 31 (2023) P.444–470, [Electronic resource]. – https://brill.com/view/journals/chil/31/2/article-p444_007.xml?Ebody=pdf-117260.

4 Kazakhstan Respublikasynyn Kodeksi 1994 zhylgy 27 zheltoksandagy № 268-XIII. Kazakhstan Respublikasynyn Azamattyk Kodeksi (Zhалпы бөлім) [Code of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 1994 No. 268-XIII. Civil Code of the Republic of Kazakhstan (General Part)] // [Electronic resource]. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51006061&pos=4;-92#pos=4;-92.

5 Turgyn uj katynastary туралы Kazakhstan Respublikasynyn 1997 zhylgy 16 сәуірдегі № 94-1 Zany [5. Law of the Republic of Kazakhstan dated April 16, 1997 No. 94-1 «On Housing Relations»] // [Electronic resource]. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51007658#activate_doc=2.

6 **Rozhkova, M. A.** Sredstva i sposoby pravovoj zashhity storon kommercheskogo spora [Means and methods of legal protection of the parties to a commercial dispute] / M. A. Rozhkova. – Moscow: Wolters Kluwer, 2006. – 416 p.

7 **Andreev, Yu. N.** Mexanizm grazhdansko-pravovoj zashhity [Mechanism of civil-law protection] / Yu. N. Andreev. – Moscow: Norma: INFRA-M, 2022. – 464 p.

8 **Braginskij, M. I.** Dogovornoe pravo: Obshhie polozeniya [Contract Law: General Provisions] / M. I. Braginsky, V. V. Vitryansky. – Moscow: Statut, 2020.-847 p.

9 **Oganesyan, A. N.** Osobennosti primeneniya veshhno-pravovykh sposobov zashhity grazhdanskix prav na nedvizhimoe imushhestvo: avtoref. dis. ... kan. yurid. nauk: specz. 12.00.03 [Features of the application of property-law methods of protecting civil rights to real estate : author's abstract. dis. ... can. jurid. sciences: specz. 12.00.03] / A. N. Oganesyan. – Moscow, 2012. – 26 p.

10 Neke (erli-zajyptylyқ) zhyane otbasy туралы Kazakhstan Respublikasynyn 2011 zhylgy 26 zheltoksandary № 518-IV Kodeksi [Code of the Republic of

Kazakhstan dated December 26, 2011 No. 518-IV «On Marriage (Matrimony) and Family» // [Electronic resource]. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31102277#activate_doc=2.

11 Kazakhstan Respublikasyndagy balanyn kuckyrtary turaly Kazakhstan Respublikasynyn 2002 zhylgy 8 tamyzdady № 345-II Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated August 8, 2002 No. 345-II On the Rights of the Child in the Republic of Kazakhstan] // [Electronic resource]. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51032460#activate_doc=2.

12 Zhetim balalardyn, ata-anasynyn kamkorlygynsyz qalghan balalardyn tyrgyn yjin saktau qagidalaryn bekitu turaly Kazakhstan Respublikasy Oku-agartu ministrinin 2023 zhylgy 29 mausymdady № 185 bujrygy [Order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated June 29, 2023 No. 185 «On approval of the Rules for the preservation of housing for orphans, children left without parental care»] // [Electronic resource]. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38802341#activate_doc=2.

13 Turgyn yjge menshik kuckygyn korgauga bajlanysty daulardy sheshudin kejbir maseleleri turaly Kazakhstan Respublikasy Zhogargy Sotynyn normativtik 2007 zhylgy 16 shildedegi № 5 normativtik kaulysy [Normative Resolution of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan dated July 16, 2007 N 5. «On certain issues of dispute resolution related to the protection of property rights to housing»] // [Electronic resource]. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30114186#activate_doc=2.

09.11.24 ж. баспаға түсті.

14.11.24 ж. түзетулерімен түсті.

04.12.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

Ж. К. Ажибаева¹, А. К. Кыдралинова², Г. Х. Сеитова³

^{1,2,3}Торайгыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар

Поступило в редакцию 09.11.24

Поступило с исправлениями 14.11.24

Принято в печать 04.12.24

ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВАЯ ЗАЩИТА ЖИЛИЩНЫХ ПРАВ ДЕТЕЙ

Конституция Республики Казахстан закрепила, что государство создает условия для обеспечения граждан жильем. Однако, проблемы,

связанные с приобретением, сохранением, утратой жилища являются одной из самых актуальных в казахстанском обществе. Эти проблемы не могли не затронуть права и интересы детей. Несмотря на то, что право детей на жилище предусмотрено Конвенцией о правах ребенка, Кодексом Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье», Законами Республики Казахстан «О правах ребенка в Республике Казахстан», «О жилищных отношениях», однако, законодательством так и не урегулирован вопрос способов защиты жилищных прав детей. В статье проводится анализ современного казахстанского законодательства, посвященного жилищным правам детей, исследуются гражданско-правовые способы защиты прав детей на жилище, вносятся предложение по совершенствованию закона «О правах ребенка в Республике Казахстан» в части контроля со стороны органов опеки и попечительства за соблюдением прав ребенка не только при продаже жилища, но и ее покупки. Авторы приходят к выводу, что гражданско-правовые способы защиты жилищных прав детей можно подразделить на вещно-правовые, которые направлены на защиту вещных прав и обязательно-правовые, применяемые к обязательственным отношениям.

Ключевые слова: права ребенка, жилище, защита, вещное право, обязательственное право.

Zh. K. Azhibayeva¹, A. K. Kydralinova², G. Kh. Seitova³

^{1,2,3}Toraighyrov University, Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 09.11.24.

Received in revised form 14.11.24.

Accepted for publication 04.12.24.

CIVIL LEGAL PROTECTION OF HOUSING RIGHTS OF CHILDREN

The Constitution of the Republic of Kazakhstan has established that the state creates conditions for providing citizens with housing. However, problems related to the acquisition, preservation, and loss of housing are among the most pressing in Kazakhstani society. These problems could not but affect the rights and interests of children. Despite the fact that the right of children to housing is provided for by the Convention on the Rights of the Child, the Code of the Republic of Kazakhstan «On Marriage

(Matrimony) and Family», the Laws of the Republic of Kazakhstan «On the Rights of the Child in the Republic of Kazakhstan», «On Housing Relations», however, the legislation has not yet regulated the issue of ways to protect the housing rights of children. The article analyzes the current Kazakhstani legislation on children's housing rights, examines civil law methods of protecting children's rights to housing, and makes a proposal to improve the law «On the Rights of the Child in the Republic of Kazakhstan» in terms of control by guardianship and trusteeship authorities over the observance of the child's rights not only when selling housing, but also when buying it. The authors conclude that civil law methods of protecting children's housing rights can be divided into property-law methods, which are aimed at protecting property rights, and obligation-law methods, applied to obligatory relations.

Keywords: child's rights, housing, protection, property law, obligation law.

Теруге 02.12.2024 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

1,06 Mb RAM

Шартты баспа табағы 9,0.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген А. К. Мыржикова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4323

Сдано в набор 02.12.2024 г. Подписано в печать 30.12.2024 г.

Электронное издание

1,06 Mb RAM

Усл.п.л. 9,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка А. К. Мыржикова

Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4323

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

<https://vestnik.tou.edu.kz/>